БЕРЕКЕ – БІРЛІКТЕ!

Ұлытау

Газет 1940 жылдан бастап шығады

Аймақтық қоғамдық-саяси апталық

№43 (6603)
6 қараша
2026 жыл

Ұлытау–Ақпарат

Ұлытау ауданында кәсіпорындардағы еңбек қатынастарының тұрақтылығын қамтамасыз ету, еңбек жанжалдарының алдын алу және ауданның салық базасын ұлғайту бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Осы мақсатта Ұлытау ауданы әкімдігі жанынан құрылған жұмыс тобы «Қияқты көмір» ЖШС-не жұмыс сапарымен барды.

Маңызды мәселелер қаралды



Құрамында аудан әкімінің орынбасары Алмаз Қайырбек пен аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Гүлнар Ауғанова бар топ іссапар барысында кәсіпорындағы еңбек қатынастарының қазіргі жай-күйі зерделеніп, 2026 жылға арналған еңбек жанжалдарының туындау тәуекелдеріне мониторинг жүргізілді. Сонымен қатар жұмысшылардың еңбек құқықтарының сақталуы, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету және ықтимал еңбек дауларының алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар қарастырылды.

Кездесу аясында ауданның экономикалық әлеуетін арттыру мәселесіне де назар аударылды. Атап айтқанда, кәсіпорынның салықтық міндеттемелерін орындауы, ауданның салық базасын кеңейту және жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді арттыру бағытындағы мәселелер талқыланды.

Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша кәсіпорын басшылығына еңбек заңнамасының талаптарын қатаң сақтау, қызметкерлермен өзара тиімді әрі тұрақты еңбек қатынастарын қалыптастыру, әлеуметтік шиеленістерге жол бермеу және еңбек дауларының алдын алу бойынша жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігі атап өтілді.

Сондай-ақ бюджетке төленетін салықтар мен міндетті төлемдердің уақытылы әрі толық аударылуын қамтамасыз ету жөнінде тиісті міндеттерге назар аударылды.

Өз тілшімізден.

Өзекті

Облыста жаңа медициналық орталық салынады




Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Ұлытау облысының денсаулық сақтау саласында маңызды жоба қолға алынбақ. Жезқазған қаласындағы облыстық көпбейінді ауруханының жанынан 100 төсек-орынға арналған жаңа онкологиялық корпус бой көтереді. Бұл өңір тұрғындарына мамандандырылған медициналық көмекті тұрғылықты жеріне жақын жерде алуға мүмкіндік беретін маңызды қадам болмақ.

⟹ 2-бетте

Ауыл тынысы

Инфрақұрылым жаңарып, ауыл өмірі жандана түсуде



Ұлытау облысындағы шалғай елді мекендердің әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау және ауылдардың әлеуетін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Соның бірі – Ұлытау ауданындағы Байқоңыр ауылы. Облыс әкімі Есет БАЙКЕННІҢ ауыл тұрғындарымен кездесуінде көтерілген мәселелер бойынша бірқатар тапсырма беріліп, бүгінде олар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.

⟹ 2-бетте

Өзекті

Облыста жаңа медициналық орталық салынады

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың денсаулық сақтау жүйесін дамыту, медициналық инфрақұрылымды жаңғырту және халыққа көрсетілетін қызмет сапасын арттыру жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында Жезқазған қаласында жаңа онкологиялық корпустың құрылысы басталмақ. Осыған орай болашақ медициналық нысанның құрылыс алаңында капсула салу рәсімі өтті. Салтанатты шараға Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова мен өңір басшылығы қатысты.

Бұл жоба – Ұлытау облысының денсаулық сақтау жүйесін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Әсіресе, онкологиялық ауруларды ерте анықтау, заманауи әдістермен емдеу және мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру тұрғысынан маңызы зор.

Жобаға сәйкес, жаңа онкологиялық корпус 100 стационарлық төсек-орынға есептелген. Сонымен қатар, бір ауысымда 250 пациентті қабылдай алатын клиникалық-диагностикалық орталық салу көзделіп отыр. Медициналық кешен құрамында онкохирургия, химиотерапия, сәулелік терапия, гинекология және паллиативтік көмек бөлімшелері орналасады.

Нысан заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмек. Соның ішінде сәулелік терапия жүргізуге арналған сызықтық үдеткіш орнату жоспарланған. Бұл қатерлі ісік ауруларын емдеуде қолданылатын заманауи технологиялардың бірі.

Жаңа орталықтың іске қосылуы диагностикалық мүмкіндіктерді кеңейтіп қана қоймай, емдеу қызметтерін бір медициналық кешен аясында ұйымдастыруға жол ашады. Медициналық көмектің қолжетімділігі артады. Онкологиялық аурулармен күресте уақыттың маңызы ерекше. Ауруды ерте анықтау, диагнозды нақтылау және емді кешіктірмей бастау науқастың өмірі мен денсаулығына тікелей әсер етеді.

Бүгінде мамандандырылған медициналық көмек алу үшін өңір тұрғындарының басқа қалаларға бару қажеттілігі туындап отырғаны жасырын емес. Жаңа корпустың салынуы осы мәселені азайтуға бағытталған. Жоба толық жүзеге асқан жағдайда Ұлытау облысының тұрғындары Жезқазған қаласының өзінде қажетті диагностикалық тексерулерден өтіп, онкологиялық ауруларды емдеудің бірқатар мамандандырылған түрлерін ала алады. Бұл, әсіресе, ұзақ жол жүру науқастарға қосымша қиындық туғызатын шалғай елді мекен тұрғындары үшін маңызды. Медициналық көмектің қолжетімді болуы уақытты үнемдеп қана қоймай, пациенттердің емдеу үдерісін үздіксіз жалғастыруына да мүмкіндік береді.

Жаңа онкологиялық корпустың салынуы – өңір үшін үлкен мүмкіндік. Дегенмен медициналық нысанның тиімді жұмыс істеуі тек ғимарат пен заманауи құрал-жабдықтарға байланысты емес. Оның сапалы қызмет көрсетуі үшін білікті онкологтар, онкохирургтер, радиологтар, сәулелік терапия мамандары мен орта буын медицина қызметкерлері қажет. Сондықтан жаңа нысанды кадрлармен қамтамасыз ету, мамандардың біліктілігін арттыру және заманауи медициналық технологияларды меңгеруіне жағдай жасау да маңызды міндеттердің бірі болмақ.

Сонымен қатар, диагностикалық қызметтердің сапасын арттыру, емдеу кезеңдерінің сабақтастығын қамтамасыз ету және паллиативтік көмекті дамыту мәселелері де назардан тыс қалмауы тиіс.

Медициналық инфрақұрылымды дамыту – Ұлытау облысының әлеуметтік саласындағы басым бағыттардың бірі. Жаңа онкологиялық корпустың құрылысы өңірдегі медициналық қызметтің мүмкіндіктерін кеңейтіп, тұрғындардың сапалы әрі қолжетімді көмек алуына жағдай жасауға бағытталған. Жобаның басты құндылығы – заманауи медициналық технологияларды өңірге тарту, мамандандырылған көмекті жергілікті жерде көрсету және науқастардың ем алу мүмкіндігін кеңейту.

Жезқазғанда бой көтеретін жаңа онкологиялық корпус – жай ғана кезекті медициналық ғимарат емес, мыңдаған тұрғынның денсаулығы мен өмір сапасына әсер ететін әлеуметтік маңызы жоғары нысан. Ендігі маңызды міндет – құрылыс жұмыстарын сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтап, медициналық кешенді қажетті мамандармен және құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз ету. Өйткені денсаулық сақтау саласына салынған инвестиция – ең алдымен адам өміріне, ұлт саулығына және өңірдің болашағына салынған инвестиция.



Инфрақұрылым жаңарып, ауыл өмірі жандана түсуде

(Соңы. Басы 1-бетте).

Спортқа серпін берген жаңа нысан

Республика күні қарсаңында Байқоңыр ауылында жаңа жабық футбол алаңы пайдалануға берілді. Ашылу салтанатына Ұлытау ауданының әкімі Аманжол Мырзабеков қатысып, жас спортшыларға 15 футбол добын сыйға тартты.

Жаңа спорт нысаны балалар мен жасөспірімдердің жыл бойы футболмен айналысуына мүмкіндік береді. Бұл – ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастырып, бұқаралық спортты дамытуға бағытталған маңызды қадам. Мереке аясында футболдан аймақтық турнир де ұйымдастырылып, спорт сүйер қауымға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Жол, мектеп және медициналық қызмет

Байқоңыр ауылының тыныс-тіршілігіне оң әсер еткен жұмыстардың бірі – Қарсақбай – Байқоңыр автожолының асфальттелуы. Жол сапасының жақсаруы тұрғындардың қатынасын жеңілдетіп, елді мекеннің аудан орталығымен байланысын нығайтты.

Алдағы жылдың жоспарында жаңа мектеп құрылысын бастау да бар. Маңызды әлеуметтік нысанның жобасы облыс әкімінің тікелей бақылауында. Жаңа мектептің салынуы ауыл балаларының сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Медициналық қызмет көрсету ісінде де ілгерілеу бар. Былтырдан бері ауылда акушерлік пункт жұмыс істеп, тұрғындарға қызмет көрсетіп келеді. Сонымен қатар келер жылы ветеринариялық пункт пен мал қорымын салу жоспарланған. Бұл шаралар ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартумен қатар, мал шаруашылығы саласындағы ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге де мүмкіндік береді.



Тұрғын үй мәселесі де назарда

Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсарту бағытында тұрғын үй құрылысына да басымдық берілген. Биыл екі пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы аяқталды. Келер жылы ғимаратты әкімдік балансына қабылдап, қоныс аудару бағдарламасы аясында ауылға келген отбасыларға беру жоспарланып отыр.

Бұл бастама бір жағынан ауылға қоныс аударушыларды баспанамен қамтамасыз етуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан елді мекендегі кадр тапшылығын азайтуға ықпал етеді. Ауылға қажетті мамандарды тарту мен олардың тұрақтап қалуына жағдай жасау – елді мекеннің тұрақты дамуының маңызды тетігі.

Көркейген ауыл – көрікті мекен

Байқоңырдың ажарын арттырып, тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру жұмыстары да назардан тыс қалған жоқ. Ауылдың 120 жылдық мерейтойына дайындық аясында бюджет қаражаты есебінен жаңа сквер салынды.

Сонымен бірге тұрғындардың бастамасымен демеушілік қаражат арқылы саябақ салу жұмыстары жүргізілуде. Биыл оның аумағына 300 көшет отырғызылды. Бұл – ауылды көгалдандыруға, қоршаған ортаны жақсартуға және тұрғындардың демалысына қолайлы кеңістік қалыптастыруға бағытталған игі іс.

Ауылдың көркеюіне жергілікті тұрғындардың өздері де үлес қосып отырғаны қуантады. Өйткені туған жердің дамуына деген жанашырлық пен ортақ іске жұмылу елді мекеннің келешегіне берік негіз қалайды.

Ауыл шаруашылығы – ауыл берекесінің бастауы

Байқоңырдағы оң өзгерістердің тағы бір бағыты – ауыл шаруашылығы. Жергілікті шаруалар жеңілдетілген несие тетіктерін пайдаланып, өз шаруашылықтарын кеңейтіп, ет пен сүт өнімдерін өндіру көлемін арттыруда.

Ауылда өндірілетін май, қаймақ, құрт, ірімшік пен қымызды облыс орталығына жеткізу жұмыстары да жолға қойылып келеді. Бұл жергілікті өнім өндірушілерге өткізу нарығын кеңейтуге мүмкіндік берсе, тұтынушыларға табиғи өнімдерді ұсынуға жол ашады.

Ауыл шаруашылығының дамуы – жаңа жұмыс орындарын ашуға, тұрғындардың табысын арттыруға және ауыл экономикасын нығайтуға ықпал ететін маңызды бағыт.

Жүйелі жұмыс – тұрақты дамудың негізі

Байқоңыр ауылында атқарылып жатқан жұмыстар шалғай елді мекендердің әлеуетін арттыруға бағытталған кешенді шаралардың маңызын көрсетеді. Облыс әкімі Есет Байкеннің тұрғындармен кездесуі барысында берілген тапсырмалардың осылайша кезең-кезеңімен орындалуы ауылдағы өзекті мәселелерді жүйелі шешуге мүмкіндік беріп отыр. Алдағы жоспарлардың жүзеге асуы Байқоңырдың әлеуметтік және экономикалық дамуына тың серпін беріп, ауыл тұрғындары үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Досан ДУЛЫҒАЛЫ.

ӘДІЛЕТ

АУЫЛДЫҢ АЖАРЫ –
ЕЛДІҢ БАЗАРЫ!

МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫ 2026

Тапсырыс беруші: Құрмансейіт А.А.

Дайындаған: «Әділет» партиясы Ұлытау облыстық филиалының баспасөз қызметі.
Ұлытау облыстық мәслихаты депутаттарының сайлауында партиялық тізімін ұсынған «Әділет» партиясы»ҚБ сайлау қорының қаражаты есебінен төленді.

Мемлекеттік қызмет

«Мемлекеттік қызмет туралы»
жаңа заңның жаңашылықтары

Жаңа «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңда мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын арттыруға және оларға берілетін әлеуметтік кепілдіктерді кеңейтуге бағытталған бірқатар нормалар көзделген.

Атап айтқанда:

1. Лауазымдық айлықақыларды кезең-кезеңімен индекстеу.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның ұсынысы негізінде Үкімет айқындайтын тәртіппен мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақыларын үш жылда кемінде бір рет міндетті түрде индекстеу тетігі енгізіледі.

2. Мемлекеттік қызмет өтіліне байланысты қосымша ақылы демалыс күндерін беру.

Мемлекеттік қызмет өтіліне қарай қосымша ақылы демалыс күндерінің ұзақтығы белгіленеді:

* 10 жыл және одан көп мемлекеттік қызмет өтілі болған жағдайда – 3 күнтізбелік күн;

* 15 жыл және одан көп мемлекеттік қызмет өтілі болған жағдайда – 5 күнтізбелік күн;

* 20 жыл және одан көп мемлекеттік қызмет өтілі болған жағдайда – 10 күнтізбелік күн.

Сонымен қатар, саламатты өмір салтын қалыптастыру және бұқаралық спортты насихаттау мақсатында мемлекеттік қызметшілерге ұзақтығы 3 күнтізбелік күн болатын қосымша ақылы демалыс беріледі.

Қосымша ақылы демалыс күндері жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына қосылады және мемлекеттік қызметшінің қалауы бойынша онымен бірге немесе бөлек пайдаланылуы мүмкін.

3. Қысқа мерзімді ақылы демалыс беру.

Күнтізбелік жыл ішінде заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметшіге ұзақтығы 10 күнтізбелік күннен аспайтын қысқа мерзімді ақылы демалыс беру мүмкіндігі қарастырылған. Мұндай демалыс толық көлемде немесе бөліктерге бөлініп берілуі мүмкін.

4. Үстеме жұмыс үшін өтемақы төлеу.

Мемлекеттік қызметшілердің үстеме жұмысқа тартылуына байланысты өтемақы төлеу және қысқа мерзімді ақылы демалыс беру мәселелері заңнамалық тұрғыдан реттеледі.

5. Зейнеткерлікке шығу кезінде біржолғы ақшалай сыйақы төлеу.

Мемлекеттік наградамен немесе уәкілетті органның ведомстволық наградасымен наградталған, сондай-ақ мемлекеттік қызмет өтілі кемінде 25 жылды құрайтын мемлекеттік қызметші зейнеткерлікке шыққан кезде оған төрт лауазымдық айлықақы мөлшерінде біржолғы ақшалай сыйақы төлеу көзделген.

Аталған нормалар мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын күшейтуге, олардың еңбек жағдайларын жақсартуға және мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыруға бағытталған.

Гүлнұр СӘДУАҚАСОВА,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.

Дін мен діл

Діни талаптың тасасында не тұр?

Әйелдің киімі, жүріс-тұрысы, оқуы мен жұмысы үнемі бақылауда болып, оған қойылатын талап көбейген сайын ер адамның жауапкершілігі неге тасада қалады? Деструктивті діни ағымдардағы (ДДА) манипуляцияны түсіну үшін осы біржақтылыққа назар аудару қажет. Әйелдің сенімін пайдаланып, одан сөзсіз бағынуды талап ету, ал оның алдындағы міндеттерді елемеу адамның тәуелділігін күшейтуі мүмкін.

Арбау қамқорлық уәдесінен басталуы ықтимал. Отбасын құру, қорған болу, материалдық жағдайын жақсарту туралы сөздер сенім ұялатады. Мұндай тәсілдің радикалды насихаттағы нақты мысалын терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық орталықта (ICCT) жарияланған зерттеу көрсетеді. Автор ДАИШ террористік ұйымының ресми үгіт материалдарының 900-ге жуық бетін талдап, әйелдерді тартуда неке, қауіпсіздік, бауырмал орта және қоғамдағы қадірлі орын туралы уәделер қолданылғанын анықтаған.

Қазақстандағы нақты оқиғалар да қамқорлық уәдесінің бақылауға ұласуы мүмкін екенін көрсетеді. Азаттықтың 2021 жылғы 5 тамыздағы материалында Мәриям есімімен берілген әйел әлеуметтік желіде танысқан ер адамның өзін және баласын қамтамасыз етуге уәде бергенін айтады. Алайда кейін ол көмектесуді қойып, әйелдің оқуына, әпкесімен аралассуына, тіпті ҚМДБ мақұлдаған дәрістерді тыңдауына тыйым салған. Әйелдің айтуынша, баласы ауырғанда сұраған көмегін де бермеген.

Осы куәліктен манипуляцияның бірнеше тетігін көруге болады. Әуелі сенім қалыптасады, кейін адамның араласатын ортасы мен ақпарат алу мүмкіндігі шектеледі. Жақындарының пікірін тыңдауға, басқа діни түсіндірмемен танысуға кедергі жасалғанда, бір адамның сөзіне тәуелділік күшеюі мүмкін. Оқу мен еңбек етуге тосқауыл қою қаржылық дербестікке де нұқсан келтіреді. Әйелдің діни сенімін пайдаланып, оны қорқыту, үнемі кінәлі сезіндіру және жақындарынан оқшаулау — психологиялық қысымның көрінісі. Мұндай жағдайда әйел өз құқығын қорғаудың өзін күнә деп қабылдап, қысымға қарсы тұрудан қорқуы мүмкін.

Біржақты насихаттың қауіпті тұсы — діни талаптарды іріктеп қолдануында. Әйелдің бағынуы егжей-тегжейлі түсіндіріліп, ер адамның әділдігі, адалдығы, отбасын қамтамасыз етуі және жұбайына құрмет көрсетуі назардан тыс қалса, жауапкершіліктің тепе-теңдігі бұзылады. Әйелден міндетін орындау талап етіледі, ал өзінің құқығын сұрауы орынсыз әрекет ретінде көрсетіледі. Осындай жағдайда діни ұғымдар ер адамның әрекетін сыннан қорғауға қызмет ете бастайды.

Ал ер адамның міндеттері діни түсіндірмелерде анық көрсетілген. ҚМДБ-ның 2026 жылғы 26 маусымдағы «Неке – салауатты өмір шарты» уағызында отбасын материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету ер азаматқа жүктелетіні айтылған. Онда отбасындағы басшылық әйелдің қауіпсіздігіне, ас-суы мен киіміне жауап беруімен түсіндіріледі. «Ниса» сүресінің 19-аятындағы жұбайымен жақсы қарым-қатынаста болу талабы да келтірілген.

Ар-намыс пен ұстамдылық мәселесінде де жауапкершілік екі тарапқа қатысты. Құранның «Нұр» сүресінің 30-аятында ер адамдарға көзін тыю, арын сақтау міндеттеледі. Сондықтан әдеп туралы әңгімені тек әйелдің киіміне тіреп қою ер адамның өз мінез-құлқы үшін жауапкершілігін толық ашпайды.

Әйелдің білім алуын, еңбек етуін немесе өз мүлкіне иелік етуін тұтас жоққа шығаратын талаптарға да сын көзбен қарау қажет. ҚМДБ сайтындағы «Әйел — Алланың аманаты» материалында әйелдің ғылым-біліммен, табыс әкелетін іспен айналысуы, меншік иесі болуы сияқты құқықтары көрсетілген. Демек, әйелге талап қоюмен қатар, оның құқықтарын түсіндіру де діни сауаттың маңызды бөлігі.

Дін атынан айтылған әрбір талапты бағалағанда оның салдарына назар аударған жөн: ол адамның қадір-қасиетін сақтай ма, екі тарапқа да жауапкершілік жүктей ме, әлде бір адамның билігін күшейте ме? Әйелдің сұрақ қоюын, білім алуын, жақындарымен байланысын шектеу және өз құқығын сұрағаны үшін кінәлау — алаңдататын белгілер.

Діни ағарту барысында әйелдің міндеттерімен бірге ер адамның жауапкершілігі де ашық айтылуға тиіс. Қысым көрген әйелге қолдау қажет. Ал дінді алға тартып талап қоятын адам өзінің міндеттерін де орындауға жауапты.

Гүлмира ДҮКЕНБАЕВА,
аудандық АТТ мүшесі.

Ұлытау
БЕРЕКЕ – БІРЛІКТЕ!

Ахуалың қалай, ауыл?

Ауыл өзгеріс пен өркендеу жолында

Істай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Ауылдың ахуалын бағалау – атқарылған жұмыстарды тізбелеумен ғана шектелмейді. Оның шынайы көрсеткіші – тұрғындардың тұрмыс сапасы, инфрақұрылымның жай-күйі, шаруашылықтардың әлеуеті мен ертеңге деген сенімі. Ұлытау өңіріндегі Аманкелді ауылдық округіне көз жүгірткенде, дәстүрлі мал шаруашылығына негізделген елді мекеннің жаңғыруға бет алғанын, бірқатар маңызды мәселелердің шешімін тауып, енді жаңа міндеттерге қадам басқанын байқаймыз.

Сан мен сапаның сабақтастығы

Аманкелді ауылдық округі – тіршілігі мал шаруашылығымен біте қайнасқан, табиғи ресурстары мен еңбекке бейім тұрғындары бар елді мекен. Ауылдық округ әкімі Бұхар Байжантаевтың атқарылған жұмыстар жөніндегі бізге берген ақпаратында ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, инфрақұрылымдық жобалары, шаруашылықтардың дамуы және алдағы жоспарлары кеңінен қамтылған.

Бүгінде округте 399 адам тұрады. Халықтың орташа жасы – 70 жас. Бұл көрсеткіш ауылдың демографиялық ахуалына айрықша назар аудару қажеттігін аңғартады. Әсіресе, медициналық қызметтің қолжетімділігі, әлеуметтік қолдау, күнделікті тұрмысқа қажетті инфрақұрылым мен ауыл өмірінің қолайлылығы маңызды.

Ауылдық округ аумағының жалпы көлемі 126 579 гектарды құрайды. Оның ішінде 2 278 гектары – жайылымдық, 2 858 гектары – шабындық жер. Бұл аумақтың табиғи және шаруашылық әлеуетін тиімді пайдалану ауыл экономикасын дамытудың негізгі бағыттарының бірі болып қала береді.

Округте 69 шаруашылық субъектісі тіркелген. Бұл – ауыл тіршілігінің негізгі қозғаушы күші саналатын кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығының белгілі бір деңгейде қалыптасқанын көрсететін көрсеткіш.

Ауыл экономикасының күретамыры

Аманкелдінің экономикалық тынысын мал шаруашылығынсыз елестету мүмкін емес. Ата кәсіпті жалғастырып, төрт түлігін түлетіп отырған шаруалар ауылдың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етіп келеді. Қазіргі есеп бойынша округте 5 003 бас жылқы, 3 635 бас ірі қара, 7 935 бас қой-ешкі тіркелген. Бұл көрсеткіштер Аманкелдінің мал шаруашылығы бағытындағы әлеуетінің жоғары екенін байқатады. Әсіресе, жылқы санының 5 мыңнан асуы өңірде жылқы шаруашылығының айрықша орын алатынын көрсетеді.

Дегенмен мал басының көп болуы шаруашылықтың тиімділігін толық сипаттай алмайды. Бүгінгі талап – мал өнімділігін арттыру, асылдандыру жұмыстарын жетілдіру, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ет пен сүт өнімдерін өңдеу және өткізу тетіктерін дамыту. Осы тұрғыдан алғанда, шаруашылықтарды аралау, олардың тыныс-тіршілігімен танысу, өзекті мәселелерін зерделеу – ауыл әкімдігі жұмысының маңызды бағыттарының бірі.

Ауыл шаруашылығын қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың да игілігін көріп отырған шаруашылықтар бар.

«Ауыл аманаты» – зор мүмкіндік

Ауылдағы шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы Аманкелдіде де жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда, жоба аясында, ЖК «Ажибаев Б» – 17 бас жылқы, ЖК «Сахалов Д» – 21 бас сиыр, ЖК «Алатаев С» – 16 бас жылқы алған. Мұндай қолдаудың негізгі мақсаты – ауыл тұрғындарының табысын арттыру, мал шаруашылығын дамыту және жаңа кәсіп көздерін қалыптастыру.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту бағытында да жұмыстар бар. «Бейсенбеков Ә» ЖШҚ бір тракторды, ал «Қаражоргин» ЖШҚ «ҚазАгроҚаржы» арқылы екі тракторды иеленген. Лизинг арқылы техника паркін жаңартуға «Қорғантас» ЖШҚ – екі, «Искакова М» ЖШҚ – бір, «Байдәулет» ЖШҚ – бір техника алған. Бұл – шаруашылықтардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға жасалған қадам. Өйткені қазіргі ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі тек адам күшімен емес, заманауи техникамен де өлшенеді. Бұл жайға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жуырдағы жолдауында да ерекше тоқталып, Отандық ауыл шаруашылығы техникаларын көптеп шығаруды тапсырды. Алдағы уақытта осындай мүмкіндіктерді пайдаланып, шаруашылықтардың өндірістік қуатын арттыру, мал өнімдерін өңдеу мен өткізу бағытында кооперацияны дамыту маңызды.

Су мәселесі шешімін тапты

Ауылдың әлеуметтік жағдайын айқындайтын ең маңызды көрсеткіштердің бірі – таза ауыз суға қолжетімділік. Аманкелдіде биыл ауыз су құбыры жаңартылып, ауыл тұрғындарына 100 пайыз су тартылған. Сонымен қатар жаңа скважина қазылып, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бұл – ауыл тұрғындарының күнделікті өмірінде тікелей әсер ететін, маңызы жоғары инфрақұрылымдық жұмыстардың бірі.

Ауыз судың үздіксіз берілуі тек тұрмыстық қолайлылық емес, сонымен бірге санитариялық қауіпсіздік пен халық денсаулығының маңызды алғышарты. Ендігі міндет – жаңартылған жүйенің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, су сапасын бақылау және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүйелі жүргізу. Орайы келгенде айта кетейік, елді мекендерді сумен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды ЖК «Сумагулов» мердігер ұйымы жүзеге асырып келеді.

Электр желісі жаңарып, байланыс сапасы жақсарды

Ауылдың өркендеуі үшін ауыз сумен қатар электр энергиясы мен байланыс жүйесінің сапасы да аса маңызды. Аманкелдіде электр желілерінің кабельдері жаңартылып, 90 дана электр бағаны орнатылған. Бұл – электрмен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыруға бағытталған маңызды жұмыс. Бұған қоса, елді мекенде жоғары жылдамдықты 4G мобильді байланыс жүйесі іске қосылған.

Қазіргі цифрлық заманда сапалы интернет – тек байланыс құралы емес, білім алу, ақпарат тарату, кәсіп жүргізу, мемлекеттік қызметтерді пайдалану және сыртқы әлеммен байланыс орнатудың негізгі тетігі. Әсіресе, ауыл оқушылары үшін интернеттің қолжетімді болуы білім ресурстарын еркін пайдалануға мүмкіндік береді. Ал кәсіпкерлер үшін бұл – нарыққа шығудың, өнімін танытудың және жаңа тұтынушылар табудың жолы. Осы тұрғыдан алғанда, Аманкелдіде 4G желісінің іске қосылуы ауыл өміріндегі елеулі жаңалықтардың бірі деуге болады.

Жол – ауылдың өркендеуіне бастайтын арна

Ауылдың даму деңгейін оның жолдарының сапасынан да аңғаруға болады. Жол қатынасы – тұрғындардың аудан орталығымен байланысы, балалардың білім алуына, науқастардың медициналық көмекке жетуіне және шаруашылық өнімдерін тасымалдауға тікелей ықпал ететін мәселе. Қазіргі таңда «Ұлытау – Сарлық» автомобиль жолын күтіп ұстау жұмыстарын ТОО «Ergo Scem» мекемесі жүргізіп келеді. Ал осы жолдың ағымдағы жөндеу жұмыстарына ТОО «Бекарыс» мердігер ұйымы жеңімпаз атанған. Сонымен қатар ауылдың тарихи-мәдени маңызы бар «Хан ордасы» орнына көтерме жол салу жұмыстары басталған.

Бұл бастаманың мәні тек жол салумен шектелмейді. Тарихи орындарға қолжетімділікті арттыру – өлкенің тарихи мұрасын танытуға, туристік әлеуетін дамытуға және жас ұрпақтың туған жер тарихына деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Алдағы кезеңде ауылішілік жолдарды асфальттау да жоспарланып отыр. Бұл бағыттағы жұмыстың жүйелі жалғасуы тұрғындардың көптен күткен қажеттіліктерінің бірі.

Білім мен мәдениет – ауыл руханиятының тірегі

Ауылдың болашағы білімді ұрпақпен өлшенеді. Сондықтан білім беру мекемесінің жағдайы мен педагогтердің еңбегі елді мекеннің дамуында ерекше орын алады. Аманкелдідегі мектепте 17 ұстаз еңбек етеді. Білім ордасында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, заманауи оқу кабинеттерімен жабдықталған. Бұл – ауыл балаларының сапалы білім алуына жасалған жағдай. Қазіргі таңда мектептің міндеті тек білім берумен шектелмейді. Ол – ауылдың қоғамдық, мәдени және тәрбиелік өмірінің де маңызды орталығы.

Ал мәдениет үйі тұрғындардың рухани сұранысын қанағаттандыруға қызмет етіп келеді. Ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізілген. Мұнда дөңгелек үстелдер, түрлі кездесулер, отырыстар мен шығармашылық кештер ұйымдастырылады. Мәдениет үйінің белсенді жұмысы – ауыл тұрғындарының басын қосып, ұрпақтар сабақтастығын нығайтудың маңызды жолы. Әсіресе, халық саны аз елді мекендерде мәдени іс-шаралардың тұрақты өткізілуі қоғамдық бірлікті сақтауға, жастардың туған жермен байланысын күшейтуге ықпал етеді.

Жаңа медициналық пункт – басты қажеттілік

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің биылғы Жолдауында медициналық қызметтің қолжетімділігі мен елді мекендерді заманауи емдеу мекемелерімен қамтамасыз ету мәселесін де ерекше атап айтты. Аманкелдідегі шешімін күткен маңызды мәселелердің бірі – медициналық қызмет көрсететін ғимараттың жағдайы. ФАП ғимараты 1989 жылы салынған. Мекемеде бір меңгеруші, бір медбике, бір тазалықшы және бір жүргізуші еңбек етеді. Ғимарат 2010 жылы ағымдағы жөндеуден өткен. Алайда арада жылдар өткен сайын медициналық мекеменің материалдық-техникалық жағдайын жаңарту қажеттілігі туындап отыр.

Бүгінде ауыл тұрғындары үшін алғашқы медициналық көмектің қолжетімді болуы аса маңызды. Әсіресе, халықтың орташа жасы 70 жасты құрайтын елді мекенде медициналық қызмет сапасы мен оның қолжетімділігіне ерекше назар аудару қажет. Осы мәселені шешу мақсатында жаңа медициналық пункт салу келесі жылға жоспарланған. Қажетті құжаттардың барлығы дайындалған. Бұл – ауыл үшін аса маңызды әлеуметтік жоба. Ендігі міндет – жоспарланған құрылыстың уақытылы жүзеге асуына ықпал ету, қаржыландыру мен құрылыс жұмыстарын үйлестіру. Себебі ауылдағы денсаулық сақтау мекемесі – жай ғана ғимарат емес, тұрғындардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапты маңызды әлеуметтік нысан.

Алда қандай міндеттер тұр?

Аманкелді ауылдық округінде атқарылған жұмыстар аз емес. Дегенмен, ауылдың дамуында шешімін күткен мәселелер де бар. Ауыл әкімі есебінде алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттер айқындалған. Келесі жылы жаңа медициналық пункт салу, әкімшілік ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу, ауылішілік жолдарды асфальттау, абаттандыру жұмыстарын одан әрі жетілдіру жұмыстары күн тәртібінде тұр. Бұл жоспарлардың әрқайсысы тұрғындардың күнделікті өмірімен тікелей байланысты. Дегенмен алдағы міндеттердің нәтижелі орындалуы үшін жоспарланған жұмыстардың мерзімі, қаржыландыру көлемі, жауапты мердігерлер және орындалу барысы туралы тұрғындарға тұрақты ақпарат беріліп отырғаны жөн.

Тарих толқынында

Ұлытау сырын ашқан жаз:
далада жатқан 2000 жылдық жады

Ұлытау десе, көз алдымызға бірден кең дала, көкжиекке дейін созылған төбелер мен аспанмен таласқан асқар тау елестейді. Бірақ бұл өңірдің шынайы құндылығы - оның топырағының астында жатыр. Дәл осы жерде, өткен ғасырдың ортасында, академик Әлкей Марғұлан бастаған археологтар тобы қазба күрегін алғаш рет жерге қадап, Орталық Қазақстанның мыңжылдық тарихын оятқан болатын.



1940–1960 жылдары жүргізілген сол зерттеулер Ұлытауды Қазақстан археологиясының картасына мәңгілікке қосты. Содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, дала әлі күнге дейін ғалымдарға айтары мол.

Биыл, 2026 жылы, бұл әңгіме тағы бір тың бетбұрыс тапты. Ұлытау жерін зерттеп жүрген археологтар қатары «мұртты» оба деп аталатын ерекше ескерткіштердің саны өңірде 200-ге жетті деп жариялады. Бір қарағанда - құрғақ статистика. Ал шын мәнінде бұл әр обасы жеке бір хикая, жеке бір рәсім, жеке бір адамның не қауымның есте қалу тілегі жасырынған тұтас бір өркениеттің іздері дегенді білдіреді. Осы жаз көз көрмеген екі жаңа сырды - Бесобалы мен Ақшоқы ескерткіштерін жарыққа шығарды.

Бесобалы даланың ортасында тыныш жатыр. Сыртай қарағанда бес қана топырақ үйінді мен екіге бөлінген ұзын тас жол. Бірақ археологтар топырақты сылып алғанда, астынан бір емес, екі мыңжылдықтан бері үнсіз сақталған рәсімнің іздері шықты: ырымдап қойылған 18 темір жебе, екі қыш құман және өртенген ағаштың көмірленген қалдықтары.





Бесобалы — жерлеу орны емес, ата-баба рухын еске алуға арналған киелі құрылыс болса керек.«Мұрттардың» өзінде сыр жасырынған. Бекерден-бекер емес, бұл тас тізбектер тек кездейсоқ шығысқа қарай емес, күн шығатын бағытқа дәл қарап тұрады. Ал күннің шығуы ежелгі дала тұрғыны үшін — жай ғана табиғи құбылыс емес, түн қараңғылығын жеңген жарықтың, өлімнен қайта тірілген өмірдің символы болған. Осыдан келіп ғалымдар арасында қызықты бір болжам бар: мүмкін, «мұртты» обалар жай ғана есте сақтау орны емес, қауым жыл мезгілінің ауысуын, күн тоқырауы мен күн шығуын атап өтетін күнтізбелік мереке-рәсімдерін өткізген қасиетті алаң болған шығар. Яғни әр көктемде немесе жаңа жылдың басталуында осы «мұрттардың» бойымен күн сәулесі жүрген жол сызылып, ата-баба рухы қайта оянғандай сезінген болуы да мүмкін. Мұрты бар обалардың нақ осындай — жерлеуден гөрі есте сақтауға, дәстүрді жалғастыруға, күн мен өмір циклін дәріптеуге қызмет еткен ғұрыптық-күнтізбелік кешендер екенін ғалымдар бұдан бұрын да болжаған. Бесобалы бұл болжамға тағы бір нақты дәлел қосты.

Бесобалыдан онша алыс емес жерде тағы бір тарих бетін ашуға тура келді - бұл жолы Ақшоқы қорымы. Сырты жай ғана төрт тас-топырақ үйінді болып көрінгенімен, оның ішінен күтпеген жаңалық шықты: бір ескерткіштің қойнауында екі бөлек дәуірдің адамдары жерленген екен.

Терең қабаттан ерте темір дәуірінің жауынгері табылды, жанында қоладан құйылған жебе ұштары мен бас киімін безендірген әшекейлер жатты. Бұл қарапайым адам емес, қоғамда белгілі бір мәртебесі бар, шайқас өнерінен хабардар жауынгердің соңғы сапары еді. Ал одан жоғарырақ, кейінірек салынған қабатта, орта ғасырда осы жерге қайта оралған, басқа дәуірдің адамын жерлеген із жатты. Демек, Ақшоқы бір рет пайдаланылып тасталған жер емес, ғасырлар бойы адамдардың қайта-қайта оралып, өз өлгендерін сеніп тапсырған қасиетті мекен болған.

Марғұланнан бергі жеті-сегіз онжылдықта Ұлытау даласы небір құпияларын ашты, енді міне ескерткіштер легіне Бесобалы мен Ақшоқы да қосылды. Әр жаңа қазба - тек ғылыми есеп емес, ата-бабаларымыздың дүниеге көзқарасын, өлім мен өмір туралы түсінігін, рухани әлемін қайта құрастыратын бір бөлшек. Бүгін біз Бесобалыдағы жебелердің неге сол ретпен қойылғанын, Ақшоқыдағы жауынгердің кім болғанын толық білмейміз. Бірақ дәл осы белгісіздік - археологияны археология ететін нәрсе.

Ұлытау өңірі әлі талай сыр жасырып жатыр. Әр жазда бір топ адам сол сырды аз да болса ашуға тырысады - бұл жұмыс жалғаса береді, өйткені дала өз тарихын сөйлетуден еш жалыққан емес.

Мейіржан ҚЫЗЫРХАНОВ.
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Мәдени мұраны ғылыми-зерттеу институты, археологиялық материалдарды бастапқы өңдеу зертханасының ғылыми қызметкері.

Ұлытау облысы, Ұлытау аудандық мәслихатының депутаттығына бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайлауға қатысатын кандидаттарды тіркеу туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабының 6-1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Ұлытау облысы, Ұлытау аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша келесі кандидаттар тіркелді:

№ р/р	Аты-жөні, тегі	Туған жылы	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрғылықты жері
	№ 1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша			
1	Баянбекова Кунсулу Есенгелдиновна	1968	Ұлытау ауданының білім бөлімінің "Өркен" балабақшасы КМКҚ, шаруашылық меңгеруші	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы
2	Жанабергенова Айнур Жумагуловна	1975	Ұлытау ауданының білім бөлімінің "Өркен" балабақшасы КМКҚ, директордың м.а	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы
3	Ершуманова Эльмира Саматовна	1978	Ұлытау ауданының білім бөлімінің "Өркен" балабақшасы КМКҚ, Директор (бала күтімі бойынша демалыста)	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы
	№2 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша			
1.	Болат Баубек Болатұлы	2000	"Ұлытау "Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі " РММ-Инспектор	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы
2.	Ергалиев Галымжан Баракбаевич	1976	Ұлытау аудандық білім бөлімінің "Оқушылар мектебі" КМҚК"-басшының міндетін атқарушы	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы
3.	Жуманов Думан Айтбекович	1983	Ұлытау аудандық "Әділет партиясы филиалы" ҚБ–Төраға	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы
	№3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша			
1	Утепбергенова Мейрамгуль Маратовна	1991	Жезді кентінің мектеп-интернаты КММ-мұғалім	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жезді кенті
2	Ташенова Жазира Сейполлина	1980	Жезді кентінің мектеп-интернаты КМҚК-мұғалім	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жезді кенті
3	Спанова Бекзат Тулеуовна	1987	Ұлытау ауданы білім бөлімінің Жезді кентіндегі №6 жалпы білім беру мектебі КММ-мұғалім	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жезді кенті
	№4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша			
1	Қалданбеков Арман Абайұлы	1999	Ұлытау аудандық білім бөлімінің Жезді кентіндегі мектеп интернаты КМҚК-мұғалім	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жезді кенті
2	Шубаева Айгуль Токеновна	1986	Жезді кенті "Орталық кітапхана"-меңгеруші	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жезді кенті
3	Абдықапар Мадияр Қайратұлы	2005	Ұлытау аудандық білім бөлімінің Жезді кентіндегі мектеп интернаты КМҚК-мұғалім	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жезді кенті
	№5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша			
1	Сарыбаев Дархан Елтаевич	1987	Ұлытау аудандық білім бөлімінің Қарсақбай агротехникалық колледжі КММ-мұғалім	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қарсақбай кенті
2	Кыпшакбаева Алмаскул Олжабаевна	1970	Ұлытау аудандық білім бөлімінің Қарсақбай кентіндегі №5 жалпы білім беру мектебі КММ-мұғалім	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қарсақбай кенті
3	Есетов Ержан Сапарович	1970	Ұлытау ауданы, Қарсақбай кентінің өрт сөндіру бөлімі-басшы	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қарсақбай кенті
	№6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша			
1	Алибеков Болат Женисович	1981	Ұлытау ауданының білім бөлімі Мінажат Мыңқаев атындағы №10 жалпы білім беру мектебі КММ-мұғалім	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Борсеңгір ауылы
2	Райхан Тілеген Бағдатұлы	1994	Ұлытау аудандық білім бөлімінің №7 жалпы білім беру мектебі КММ-жаттықтырушы	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы Жыланды ауылы
3	Алиманов Сергазы Темирмаликович	1982	Ұлытау аудандық білім бөлімінің №7 жалпы білім беру мектебі КММ-мұғалім	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы Жыланды ауылы
	№7 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша			
1	Төлен Нұрболат Талғатұлы	2004	Ұлытау аудандық білім бөлімінің №14 жалпы білім беру мектебі КММ-мұғалім	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Бетбұлақ ауылы
2	Копжасаров Рахат Муханбединович	1973	Ұлытау ауданы, Бетбұлақ ауылының ветеринарлық пункті-ветеринарлық дәрігер көмекшісі	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Бетбұлақ ауылы
3	ҚабенТөлеухан Төреханұлы	2002	Ұлытау аудан Бетбұлақ ауылының ветеринарлық пункті-ветеринар	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Бетбұлақ ауылы
	№8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша			
1	Умирбеков Нурлан Шамшибекович	1973	"Қаракеңгір ауылдық округінің әкімінің аппараты"ММ-күзетші	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Бозтұмсық ауылы
2	Кудайкулов Марат Досмаганбетович	1965	Ұлытау ауданы, Бозтұмсық ауылының ветеринарлық пункті-зоотехник	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Бозтұмсық ауылы
3	Төре Жалғас Саулебекұлы	1986	Уақытша жұмыс істемейді	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Бозтұмсық ауылы
	№9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша			
1	Смағұл Мұрат Бахтыгелдіұлы	1994	Ұлытау ауданы, Сарлық ауылының ветеринарлық пункті-ветеринарлық дәрігер	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Сарлық ауылы
2	Жаканов Хорен Каримович	1969	Жеке кәсіпкер	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Сарлық ауылы
3	Кабиев Шортан Кодарович	1965	Ұлытау аудандық білім бөлімінің №3 жалпы білім беру мектебі КММ-мұғалім	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Сарлық ауылы
	№10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша			
1	Әбдулғазизова Нұргүл Сәлімқызы	1992	"Жанкелді ауылдық округі әкімінің аппараты " ММ-іс жүргізуші	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Байқоңыр ауылы
2	Молдахметова Меруерт Маликовна	1975	"Ұлытау аудандық білім бөлімінің Балбұлақ балабақшасы" КМҚК-директор м.а.	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Байқоңыр ауылы
3	Насыритдинова Гулсим Насыритдиновна	1981	Ұлытау аудандық білім бөлімінің №17 жалпы білім беру мектебі КММ-мұғалім	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Байқоңыр ауылы

Ұлытау облысы, Ұлытау аудандық мәслихаты депутаттығына үміткерлер үшін үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар туралы ақпарат

№	Елді мекен атауы	Орындардың мекен-жайы	Ақпарат тақтасының түрі
	Ұлытау ауылы	Бұлкышев көшесі, Абай - Аманкелді көшелерінің қиылысы	Ақпарат тақтасы
	Жезді кенті	Құттыбаев- Иманжанов көшелерінің қиылысы	Ақпарат тақтасы
	Қарсақбай кенті	Болман – Сәтбаев көшелерінің қиылысы	Ақпарат тақтасы
	Ақтас кенті	Ғарышкерлер көшесі	Ақпарат тақтасы
	Сарысу ауылы	Қ.Сәтбаев көшесі -17	Ақпарат тақтасы
	Қаракеңгір ауылы	Орталық көшесі – 1	Ақпарат тақтасы
	Қоскөл ауылы	Қ.Сәтбаев көшесі	Ақпарат тақтасы
	Аманкелді ауылы	Б.Бұлқышев көшесі 4	Ақпарат тақтасы
	Борсеңгір ауылы	Ардагерлер көшесі-1а	Ақпарат тақтасы
	Терісаққан ауылы	Талап көшесі	Ақпарат тақтасы
	Мибұлақ ауылы	Жүндібаев көшесі	Ақпарат тақтасы
	Алғабас ауылы	Берденов көшесі	Ақпарат тақтасы
	Жанкелді ауылы	Рысқұлов көшесі 9	Ақпарат тақтасы
	Егінді ауылы	Ерден көшесі 11	Ақпарат тақтасы
	Шеңбер ауылы	Мектеп көшесі	Ақпарат тақтасы

ТЖ бөлімі ескертеді!

Жол қауіпсіздік ережелерін сақтау — ортақ жауапкершілік



Қазіргі таңда көлік құралдары күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Алайда автокөлікті пайдалану барысында жолкөлік оқиғалары ғана емес, өрт шығу қаупі де бар екенін естен шығармаған жөн. Сондықтан, әрбір жүргізуші мен жолаушының қауіпсіздік талаптарын сақтауы – адам өмірі мен денсаулығын қорғаудың маңызды кепілі.

Көлік құралдарында өрт көбіне электр сымдарының қысқа тұйықталуынан, жанар-жағармай жүйесіндегі ақаулардан, қозғалтқыштың шамадан тыс қызуынан немесе көлікті пайдалану талаптарының бұзылуынан туындайды. Осындай төтенше жағдайлардың алдын алу үшін автокөліктің техникалық жағдайын үнемі тексеріп, уақытылы техникалық қызмет көрсетіп отыру қажет.

Әрбір жүргізуші көлігінде жарамды өрт сөндіргіштің болуын қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар өрт сөндіргішті қалай қолдану керектігін білгені дұрыс. Көлік салонында тез тұтанатын сұйықтықтарды сақтамау, электр жабдықтарын өз бетінше өзгертпеу және жанармай жүйесіндегі ақауларды дер кезінде жою да қауіпсіздіктің негізгі талаптарына жатады.

Егер көлік қозғалысы кезінде түтін, күйік иісі немесе көлік істен шықса, жүргізуші көлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, қозғалтқышты өшіріп, жолаушыларды дереу сыртқа шығаруы қажет. Адамдардың қауіпсіздігіне көз жеткізгеннен кейін ғана, өмірге қауіп төндірмейтін жағдайда, қолда бар өрт сөндіргішті пайдалануға болады. Қозғалтқыш бөлігіндегі өрт кезінде капотты толық ашуға болмайды, себебі жалын оттегі әсерінен күшеюі мүмкін. Өрт бақылаудан шықса, көліктен алыстап, қауіпсіз жерге бару және 112 нөміріне хабарлау қажет.

Сондай-ақ, көлікке жанармай құю кезінде қозғалтқышты өшіру, темекі шекпеу және ашық отты пайдаланбау талаптарын қатаң сақтау керек. Электр көліктерін зарядтау кезінде өндіруші ұсынған құрылғыларды пайдаланып, зақымдалған кабельдерді қолданбаған жөн.

Жолаушылардың да қауіпсіздікке қосар үлесі зор. Қауіпсіздік белдігін тағу, қоғамдық көлікте жүргізушінің нұсқауларын орындау, есіктер мен апаттық шығу жолдарын бөгемеу – әр азаматтың міндеті. Қоғамдық көлікте өрт немесе түтін байқалса, сабыр сақтап, жүргізушіге дереу хабарлап, қауіпсіз эвакуация тәртібін ұстану қажет.

Қорытындылай келе, көлік құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау – әрбір азаматтың өмірі мен мүлкін қорғауға бағытталған маңызды қадам. Өрттің алдын алу үшін сақтық шараларын күнделікті дағдыға айналдырып, көліктің техникалық жарамдылығына жауапкершілікпен қарауымыз керек.

Қауіпсіздікке немқұрайлы қарамаңыз! Сақтық – өмір кепілі, ал өрттің алдын алу әрқайсымыздан басталады.

Ұлытау ауданы ТЖ бөлімі.

Хабарлама

«Актас Тас» ЖШС «Ұлытау облысы, Ұлытау ауданындағы Ақтас-III кен орнында (III учаске) карбонатты жыныстарды өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 11 желтоқсанда Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жезді кенті, Құттымбетов көшесі, 37 (Әкімдік ғимараты) мекенжайында өтеді:

- сағат 15:00 – «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша;
- сағат 16:00 – әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алуға өтінім материалдары бойынша.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (офлайн және онлайн) ZOOM платформасында өткізіледі:

https://us06web.zoom.us/j/86352408905?pwd=P9mStELBGzfPrD25S6Obb3x9GNDaMO. Конференция идентификаторы: 863 5240 8905. кіру коды: 202783

Жоспарланып отырған қызметтің әсер ету аумағы: Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жезді кенті (48°03′32″ СЕ, 67°03′15″ ШБ)

Объектінің орналасу координаттары:

солтүстікендік	шығысбойлық
48°03’45.5»	67°11’41.0»
48°03’52.4»	67°11’49.8»
48°03’52.3»	67°12’08.9»
48°03’36.2»	67°12’09.0»
48°03’32.4»	67°11’45.9»

Қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімі қатарынан бес жұмыс күнінен аспайды. Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжат ұсынылған кезде жүргізіледі.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы:«АктасТас» ЖШС, БСН241140010438

Заңды мекенжайы:Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Орбита-1 шағынауданы, 27-үй, 66-пәтер.Тел.: 87770917693.Zasulankonisov@gmail.com.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші:«Манақбаева» ЖК, ЖСН 860119401065, ШҚО, Өскемен қаласы, «Металлург-6», 372-үй.Тел.: 87751760147, E-mail: ainurkizatova@mail.ru

Жоспарланып отырған қызмет туралы ақпарат алу және құжаттардың көшірмелерімен танысу үшін байланыс деректері:E-mail: ainurkizatova@mail.ruТел.: 87751760147

Жоба бойынша құжаттама https://ndbecology.gov.kz порталында және ЖАО сайтында https:// www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr орналастырылған.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін кемінде 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталында (ndbecology.gov.kz), сондай-ақ мына мекенжай бойынша қабылданады: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер көшесі, 15-үй, «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел. 87016355510, электрондық пошта: ulytau.obl_priroda@mail.ru

Объявление

ТОО «АктасТас» сообщает о проведении общественных слушаний по проекту «План горных работ по добыче карбонатных пород на месторождении Актасское III (участок III) в Улытауском районе, области Улытау».

Общественные слушания состоятся 11 декабря 2026 года по адресу: областьУлытау, Улытауский район, пос.Жезды, улица Куттымбетова, 37 (здание акимата)

- в 15:00 — по проекту «Отчет о возможных воздействиях»;
- в 16:00 — по материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, а также чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в смешанном формате (офлайн и онлайн) на платформе ZOOM: https://us06web.zoom.us/j/86352408905?pwd=P9mStELBGzfPrD25S6Obb3x9GNDaMO. Идентификатор конференции: 863 5240 8905, код доступа: 202783

Территория воздействия, на которую будет иметь воздействие намечаемая деятельность: областьУлытау, Улытауский район, пос. Жезды(48°03′32″СШ, 67°03′15″ВД)

Координаты расположения объекта:

северная широта	восточная долгота
48°03’45.5»	67°11’41.0»
48°03’52.4»	67°11’49.8»
48°03’52.3»	67°12’08.9»
48°03’36.2»	67°12’09.0»
48°03’32.4»	67°11’45.9»

Срок проведения общественных слушаний не превышает пять последовательных рабочих дней. Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «АктасТас», БИН 241140010438

Юридический адрес: РК, город Алматы, Бостандыкский район, Микрорайон Орбита-1, дом 27, кв. 66, 87770917693, Zasulankonisov@gmail.com

Разработчик проектной документации: ИП«Манакбаева», ИИН 860119401065 ВКО, г. Усть-Каменогорск, «Металлург-6», дом 372 тел.: 87751760147, e-mail:ainurkizatova@mail.ru.

Документация по проекту размещена на портале https://ndbecology.gov.kz и на сайте МИО https:// www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr.

Контакты, по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности и ознакомиться с копией документов: e-mail: ainurkizatova@mail.ru, тел.: 87751760147


Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» //ndbecology.gov.kz, а также по адресу: область Улытау, г.Жезказган, ул.Гарышкерлер, 15, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Улытау», тел. 87016355510, Email: ulytau.obl_priroda@mail.ru.

Ұлытау
БЕРЕКЕ — БІРЛІКТЕ!
6 қараша, 2026 жыл
№43 (6603)

Кент келбеті

Жезді жаңарудың жаңа кезеңінде

Ұлттық мереке – Республика күні аясында Жезді кентінде бірден үш нысанның ашылу салтанаты өтті. Елді мекеннің кіреберісіне орнатылған «Жезді» аркасы, балалар ойын алаңы және «Asiya dessert» тәттілер әлемі тұрғындар игілігіне берілді. Бұл бастамалар кенттің көркін арттырып қана қоймай, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруға, кәсіпкерлікті дамытуға және елді мекеннің әлеуметтік өмірін жандандыруға бағытталған.



Жездіге кіреберісте бой көтерген жаңа «Жезді» аркасы елді мекеннің өзіндік болмысын айшықтап, сәулеттік келбетіне сән қосты. Мұндай нысандар ауылдың сыртқы көрінісін жақсартып қана қоймай, туған жердің тарихы мен ерекшелігін танытатын символдық мәнге де ие. Кентке келген қонақтар мен тұрғындарды қарсы алатын арка Жездінің жаңаруға бет алғанын аңғартады.

Елді мекеннің көркі – оның тазалығы, сәулеті және қоғамдық кеңістіктерінің жайлылығымен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа арканың орнатылуы Жездіні абаттандыру мен көркейту жұмыстарының бір бөлігі саналады.

Мереке аясында пайдалануға берілген балалар ойын алаңы да тұрғындар үшін маңызды нысандардың бірі. Балалардың қауіпсіз әрі жайлы ортада ойнап, бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беретін мұндай алаңдардың маңызы зор.

Балаларға арналған қоғамдық кеңістіктерді көбейту – елді мекеннің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытудың маңызды бағыттарының бірі. Өйткені балғындардың алаңсыз ойнап, қатарластарымен араласуына жағдай жасау олардың денсаулығы мен жан-жақты дамуына оң ықпал етеді. Сонымен бірге бұл ата-аналар үшін де қолайлы орта қалыптастырады.

Жаңа ойын алаңы кент тұрғындарының ортақ игілігіне айналып, балалардың шат күлкісі естілетін сүйікті орындарының бірі болады деген сенім бар.

Жездідегі жағымды жаңалықтардың бірі – жеке кәсіпкер Оқапова Айдана Кенжебекқызының бастамасымен ашылған «Asiya dessert» тәттілер әлемі. Жаңа нысан тұрғындарға тәтті өнімдердің түр-түрін ұсынумен қатар, жергілікті кәсіпкерліктің дамуына да үлес қоспақ.

Шағын және орта бизнестің дамуы – ауыл мен кент экономикасын нығайтудың маңызды тетігі. Жергілікті кәсіпкерлердің жаңа жобаларды қолға алуы тұрғындарға ұсынылатын қызмет түрлерін көбейтіп, экономикалық белсенділікті арттыруға мүмкіндік береді.

«Asiya dessert» секілді кәсіпкерлік нысандардың ашылуы Жездіде жеке бастамалардың жүзеге асуына жол ашып, кенттің күнделікті тыныс-тіршілігін жандандыра түседі. Сонымен қатар кәсіпкерліктің өркендеуі жаңа жұмыс орындарының пайда болуына да мүмкіндік туғызады.

Жезді кентінде биыл инфрақұрылымды дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Тұрғындарды сапалы әрі тұрақты электр қуатымен қамтамасыз ету мақсатында электрмен жабдықтау жүйесін жаңғырту жұмыстарына 100 млн теңге бөлінді.

Жоба аясында 300 электр бағаны, 11 шақырым электр сымы және 3 кешенді трансформаторлық қосалқы станция ауыстырылды. Бұл жұмыстар электр желілерінің техникалық жағдайын жақсартып, электр қуатын жеткізу жүйесінің сенімділігін арттыруға бағытталған.

Электрмен жабдықтау жүйесінің жаңаруы тұрғындардың тұрмысына тікелей әсер етеді. Тұрақты электр қуаты – күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі ғана емес, әлеуметтік нысандар мен кәсіпкерлік нысандарының үздіксіз жұмыс істеуінің де маңызды шарты. Сондықтан желілерді жаңғырту кенттің инженерлік инфрақұрылымын нығайтудағы елеулі қадам болып саналады.

Кенттің көлік инфрақұрылымын жақсарту бағытында да жұмыстар атқарылуда. Жезді көшелеріндегі жолдарға ағымдағы жөндеу жүргізіліп, жол белгілері жаңартылды. Бұл көлік қозғалысын реттеуге, жол қауіпсіздігін арттыруға және тұрғындардың күнделікті қатынасын жеңілдетуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, кентте жаңа тұрғын үйлер салынып, халық игілігіне берілуде. Тұрғын үй құрылысының жалғасуы елді мекеннің дамуына, баспанаға деген сұранысты өтеуге және тұрғындардың өмір сүру жағдайын жақсартуға бағытталған.

Жолдардың сапалы болуы, инженерлік желілердің жаңаруы және тұрғын үй қорының толықтырылуы – өзара сабақтас үдерістер. Олардың қатар жүзеге асуы кенттің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырып, тұрғындарға қолайлы жағдай қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Республика күні мерекесінде ашылған үш нысан – Жезді кентінің көркеюі жолындағы нақты істердің бір көрінісі. Алдағы жылы да Жездінің инженерлік инфрақұрылымын жетілдіру, елді мекенді абаттандыру және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру бағытында бірқатар ауқымды жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда.

Жездідегі өзгерістердің басты мақсаты – тұрғындарға жайлы орта қалыптастырып, елді мекеннің мүмкіндіктерін кеңейту. Халық игілігіне бағытталған осындай бастамалар жүйелі жалғасын тапса, кенттің әлеуметтік және экономикалық дамуына тың серпін беріп, оның келешегіне берік негіз қаланбақ.

Ізбасар ОЙБАС.

Спорт

Спортта жетістікке жету үшін таланттың өзі жеткіліксіз. Оған табандылық, үздіксіз ізденіс және өз ісіне деген шынайы сүйіспеншілік қажет. Ал, жас спортшының бойындағы қабілетті танып, оны үлкен мақсаттарға жетелеу – бапкердің еңбегі. Осындай жауапты жолды таңдаған азаматтың бірі – Баймағанбет Мерей БАТЫРЛАНҰЛЫ.

Ұлытаудан басталған жеңіс жолы



Ұлытау өңірінде еңбек жолын бастаған Мерейдің волейболға деген қызығушылығы уақыт өте кәсіби қызметіне ұласты. Ол 2019–2021 жылдары Жезқазған қаласындағы №13 жалпы білім беретін мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі әрі волейбол жаттықтырушысы болып еңбек етті. Кейін облыстық білім басқармасына қарасты Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернатта, одан соң Ыбырай Алтынсарин атындағы BINOM School-лицейінде шәкірт тәрбиеледі.

Әр ортада жинаған тәжірибесі оның бапкерлік шеберлігін шыңдап, спортшылармен жұмыс істеу аясын кеңейте түсті. Еңбектің нәтижесі де көп күттірмеді. 2020 жылы оның шәкірттері 7–8-сынып оқушылары арасындағы мектеп лигасында республикалық деңгейде топ жарса, 2021 жылы мамандандырылған мектеп-интернаттар арасындағы жарыста екінші орын иеленді. Ал, 2022 жылы Мерей Батырланұлы Қазақстан волейбол федерациясының шақыруымен Азия әйелдер клубтары арасындағы чемпионатта төрешілік етті. Бұл – Ұлытау өңірінен шыққан төрешінің халықаралық деңгейдегі жарысқа қатысуындағы маңызды белес еді.

2024 жылдан бастап ол Астанада ERG компаниясы қызметкерлерінің волейбол командасымен жұмыс істеді. Жаңа ортада да бапкерлік тәжірибесін жалғастырып, спортшылардың әлеуетін арттыруға үлес қосты. Оның жетекшілігімен командалар мен шәкірттері бірқатар жарыста жүлделі орындарға қол жеткізді. Атап айтқанда, 2023 жылы Астана қаласы Нұра ауданындағы гимназия командасы 9–11-сыныптар арасында өткен волейбол бәсекесінде үшінші орын алса, 2024 жылы елордалық команда мектеп лигасының республикалық кезеңінде қола жүлдегер атанды. Ал 2026 жылы шәкірттері республикалық Extreme Cup жарысында бірінші орын, халықаралық Tashkent Cup турнирінде үшінші орын иеленді.

Мерей Батырланұлының бапкерлік еңбегінің ең үлкен нәтижесі – шәкірттерінің спорттағы өсуі. Бүгінде оның тәрбиеленушілері Астана қаласының құрамасында Қазақстан чемпионаттарына қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Араларынан U15 және U16 жасөспірімдер құрамасына шақырту алғандары да бар. Кейбірі «Ару-Астана», «Астана СДД» клубтарының сапында Ұлттық және Жоғары лига додаларында өнер көрсетуде.

Бұл жетістіктер – бір күндік еңбектің жемісі емес. Оның артында күнделікті жаттығу, тәртіп, төзім және бапкердің шәкірттеріне деген сенімі жатыр. Өйткені жақсы бапкер тек ойын тәсілдерін үйретіп қана қоймайды, жас спортшының бойына жеңіске деген жігер мен жауапкершілікті де қалыптастырады.

Ұлытаудан басталған еңбек жолын елордада жалғастырып, шәкірттерін республикалық және халықаралық жарыстарға жетелеп жүрген Мерей Батырланұлының мақсаты айқын. Оның әр жетістігі туған өңірден түлеген азаматтың қай ортада жүрсе де өз ісіне адал болып, биік белестерді бағындыра алатынын көрсетеді.

Өз тілшімізден.

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ

Ұлытау
БЕРЕКЕ — БІРЛІКТЕ!

«Ұлытау аудандық «Ұлытау» газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редактор
Альмира ОСПАН

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: инд: 200006
Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Абай көшесі, 22-үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта: ulytau_kz40@mail.ru

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газетке Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы 04.02.2022 жылы №KZ80VPY00045634 куәлігі берілген.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Сәтбаев көшесі, 15 үй.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы - 1000 дана. Көлемі - 4 баспатабақ Тапсырыс - 43